

Халел Агнурдың «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша дайындаған PhD докторлық диссертациясына бейресми пікір беруші Талдықорған қаласының, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің қауымдастырылған профессоры (доцент), педагогика ғылымдарының кандидаты Н.Ж.Сералиевадан

БЕЙРЕСМИ ПІКІР

Қазіргі білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықты игерту ғана болған болса, ал қазір әлемдік кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның «құзыреттілігіне» сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну негізгі мақсат болып отырғаны баршамызға мәлім.

Бүгінгі таңдағы қоғам - кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді. Ғаламдық үрдісте еліміздің экономикасы, саяси және дипломатиялық қарым-қатынастарын дамытуда білімді мамандар жетіспеуде. Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы екендігі белгілі.

Ізденуші Халел Агнурдың зерттеу жұмысының құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім соңында берілген тұжырымдамадан, әдебиеттер тізімі мен қосымшада көрсетілген. Дипломаттық шеттілдік дискурс мәдениетаралық коммуникацияның бір бөлігі болып табылады. Болашақ дипломат мамандарды даярлау барысында мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың әдістемелік принциптері мен теориялық негіздерін дидактикалық жүйе ретінде қарастыру керек. Мәдениетаралық дискурсты қалыптастыру мақсатында саяси және іскерлік дискурстардың интеграциясы басшылыққа алынған. Болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыруда лингво-дипломатиялық және когнитивтік дипломатиялық субкомпоненттердің бірлігі ретінде қарастырылған, әр бөлімінің соңында берілген ғылыми тұжырымдарда зерттеудің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.

Зерттеу материалдары мен тақырыптары бойынша материалдар сұрыпталынып, өз деңгейінде қолданыс тапқан. Тақырып бойынша ғылыми зерттеулерді қолдана отырып, зерттеу терминологиясына анықтамалар берілген, айырым белгілері анықталынған. Сондықтан, зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығының деңгейін, теориялық және қолданбалы маңызын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары бағалауға болады.

Алынған нәтижелердің сәйкесінше өзекті, теориялық немесе қолданбалы мәселені шешуге бағытталған.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды шеттілдік білім беру барысында даярлаудағы мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастыруда

ғалымдар мен зерттеушілерге дипломат мамандарының кәсіби біліктілігін дамытуда қолдануға болады.

Диссертацияның негізгі тұжырымдарының, нәтижелерінің, қорытындыларының жарық көруін растау.

Scopus базасының журналдарында 4 ғылыми мақала жарық көрген: Оның ішінде қорғауға ұсынылып отырған зерттеу тақырыбына сәйкес Scopus базасында мақаласы бар. (“Development of Foreign Language Professionally Discursive Competence of Future Diplomats” (International Journal of Society, Culture & Language, 2021)).

Осы айтылғанға орай, Халел Агнур 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша дайындаған «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясын (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Бейресми пікір беруші-

І.Жансүгіров атындағы Жетісу

университетінің қауымдастырылған

профессоры (доцент), педагогика

ғылымдарының кандидаты

e-mail: nailya_seralieva@mail.ru

tel: 87017594698



Н.Ж.Сералиева